

Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды алу, жобалау, жасау (орнату), пайдалану және шет елдерден әкелу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 қазан 1992 ж. N 851. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.10.06. N 1293 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды алу, жобалау, жасау (орнату), пайдалану және шет елдерден әкелу тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 9 қазандагы
N 851 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында
радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі
құрылғыларды алу, жобалау, жасау (орнату),
пайдалану және шет елдерден әкелу тәртібі туралы

Ереже

Ескерту. Мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚРУ-нің 1998.12.23.
N 1322 қаулысымен. Р981322_

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиіліктегі құрылғыларды алудың, жобалаудың, жасаудың (орнатудың), пайдаланудың және шет елдерден әкелудің жалпы тәртібін белгілейді.

Осы Ереженің күші Қазақстан аумағында алынатын, жобаланатын, жасалатын (орнатылатын), пайдаланылатын және:

Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері, басқа да заңды ұйымдары, мен азаматтары, шетел заңды ұйымдары мен жеке адамдары, азаматтығы жоқ адамдар;

шет ел фирмаларының, банкілері мен ұйымдарының өкілдіктері мен делегациялары;

шет мемлекеттердің дипломатиялық және консульдық өкілдіктері шет елдерден әкелетін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құрылғыларға қолданылады.

2. Осы Ереженің күші:

Қазақстан Республикасында сауда жүйесі арқылы сатуға рұқсат етілген, Қазақстан Республикасының азаматтары, шет елдің жеке адамдары және азаматтығы жоқ адамдар алатын (беретін) және пайдаланатын телевизия мен радио бағдарламаларын қабылдауға арналған құрылғыларға, тұрмыстық радиоэлектроника бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қазақ азаматтық авиация басқармасы пайдаланатын радиоэлектрондық құралдарға қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1997.01.14.

N 60 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1999.05.26.

N 651 Р990651_ қаулысымен.

3. Қандай да бір түрдегі және бағыттағы орнықты радиоэлектрондық құралдар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің рұқсатымен ғана жобаланады және жасалады (орнатылады).

Мұндай құралдар қойылатын жерді таңдау ісі орнатылатын құралдардың сол ауданда бұрыннан пайдаланылып келе жатқан және бұрын құрылдысы жобаланған радиоэлектрондық және электр байланыс құралдарымен электромагнитті үйлесімділігі, сондай-ақ радиохабарын беруші және қабылдаушы құралдардың орналасуы үшін бөлінетін аймақтар ескеріліп, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен келіслуге тиісті. Радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесушілігін сараптау - сол құралдар орнатылатын жерді таңдау арқылы жүргізіліп, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің келіследі.

4. Қазақстан Республикасында қандай да бір түрдегі және бағыттағы радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды жобалау, жаңарту (радио жиілігін таратудың техникалық сипаттамасын өзгерту арқылы), көптең шығару, шет елдерден сатып алу, сондай-ақ радиожиілікті пайдалану арқылы ғылыми-зерттеу және конструкторлық тәжірибе жұмыстарын жүргізу - Қазақстан Республикасының Радиожиілігі жөніндегі мемлекеттік комиссиясы тиісті диапазондағы радиожиілікті бөлгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері, басқа да заңды ұйымдары мен азаматтары, шетелдің заңды ұйымдары мен жеке адамдары, азаматтығы жоқ адамдар радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құрылғыларды 2-тармақта көрсетілгеннен басқа уақытта Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің рұқсатымен алады.

6. Қазақстан Республикасы азаматтарына әуесқойлық радио байланысы және радиомен басқарылатын спорттық моделдерді сату арнайы дүкендер арқылы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің тиісті рұқсаты көрсетілгеннен кейін жүзеге асырылады. Рұқсат қағазға сауда орны сатылған бүйімның түрі және заводтық нөмірі туралы белгі соғуы тиіс.

7. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары, ұйымдары, мекемелері заңды ұйымдары мен азаматтары, шетелдердің заңды ұйымдары мен жеке адамдары, азаматтығы жоқ адамдар радио электрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды басқа министрліктерге, ведомстволарға, кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге, заңды ұйымдарға (сондай-ақ бір министрліктің немесе мекеменің ішінде), Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдердің заңды ұйымдары мен жеке адамдарына, азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің рұқсатымен тұрақты немесе уақытша пайдалануға бере алады.

8. Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану үшін қандай да бір түрдегі және бағыттағы (сондай-ақ әр түрлі жабдықтардың және көлік құралдарының құрамын толықтыруға кіретін) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құрылғыларды шетелден алып келу Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің рұқсатымен жасалады.

9. Шет ел фирмаларының, банкілерінің, ұйымдарының өкілдіктері мен делегациялары, шетелдердің заңды ұйымдары мен жеке адамдары, азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының аумағына радиоэлектрондық

құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды өкілдіктер ашуға, көрмелер, жәрменкелер, спорт жарыстары мен басқа шаралар өткізуге рұқсат берген министрліктер мен ведомстволардың өтініші бойынша, осы құралдар мен құрылғыларды кері алып кетуге міндеттене отырып, белгіленген тәртіп бойынша әкеle алады.

Министрліктер мен ведомстволардың аталған өтініштерінің негізі - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің рұқсаты болып табылады.

10. Шет елдерге ресми спорттық жарыстарда, сондай-ақ көрмелер мен жәрменкелерде пайдалануға уақытша апарылған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиіліктегі құрылғыларды Қазақстан аумағына әкелу оларды алып кеткен кезде қайта әкелу туралы кеден мекемелеріне берілген міндеттемеге сәйкес орындалады.

11. Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиіліктегі құрылғыларды және коммерциялық (кабельдік және эфирлік) теледидар жүйесін пайдалану Қазақстан Республикасының министрліктеріне, ведомстволарына, кәсіпорындарына, ұйымдарына, мекемелеріне, басқа да занды ұйымдары мен азаматтарға Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің тікелей берген рұқсат бойынша, ал шет ел фирмаларының, банкілерінің, ұйымдарының, шетелдердің занды ұйымдары мен жеке адамдарына, азаматтығы жоқ адамдарға - олардан Қазақстан Республикасының аумағына келуіне рұқсат берген тиісті министрліктер мен ведомстволардың тиісті қызметі арқылы іске асырылады.

12. Қазақстан Республикасы аумағындағы шет ел мемлекетінің дипломатиялық және консулдық өкілдіктеріне қойылатын радиохабарлағыштарды пайдалану - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы берілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің рұқсатымен іске асырылады.

13. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары, кәсіпорындары, мекемелері, басқа да занды ұйымдары мен азаматтары тиісті рұқсатсыз жасалған немесе алған радиоэлектрондық құралдар және жоғары жиіліктегі құрылғылар Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті органдарының талабымен сатылуға тиіс немесе оларды пайдалануға рұқсат беруге болмайтын жағдайда осы органдар арқылы алынады.

Алғынған құралдар мен құрылғыларды кәдеге жарату тәртібін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті анықтайды.

(14-19)

ЕСКЕРТУ. 14-19-тармақтар алынып тасталды - ҚРУ-нің 1998.12.23.

N 1322 қаулысымен. P981322_

20. Министрліктер, ведомстволар өз қарауындағы кәсіпорындардың, үйымдардың, мекемелердің осы Ереженің талаптарын орындаудына бақылау жасап отырады.

21. Мемлекеттік автомобиль инспекциясы автокөлік құралдарына мерзімді техникалық байқау жүргізген кезде Мемлекеттік автомобиль инспекциясының бақылауындағы автомобильдерге және басқа да көлік құралдарына электрондық құралдар орнатуға Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің рұқсаты бар-жоғын тексереді.

22. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органдары, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің лауазымды қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының кәсіпорындары, үйымдары, мекемелері, басқа да заңды үйымдары мен азаматтары тиісті рұқсатсыз жасаған, алған немесе пайдаланған радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды заңсыз қолдануына жол бермеуіне және алып қоюына белгіленген тәртіппен қажетті жәрдем көрсетеді.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРУ-нің 1997.01.14.

N 60 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1999.05.26.

N 651 P990651_ қаулысымен.